

**Кімге:** Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне  
**Автордың аты-жөні мен лауазымы:** Рахметов Ырысбек Бурабайұлы,  
Жалағаш ауданы әкімінің көмекшісі  
**Орындаған күні:** 08.11.2024 жыл

### **Аналитикалық жазба**

**Тақырыбы:** «Ауыл аманаты» жобасының іске асырылуы және жетілдіру тетіктері

**Кілт сөздер:** «Ауыл аманаты» жобасы, республикалық бюджет, жинақ портфелі, қаржы құралдары, ауылды дамыту көзі

**Кіріспе:** «Ауыл аманаты» жобасы – «Қазақстан Республикасының ауылды дамыту жөнінде 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында іске қосылған. Тиісті бұйрыққа мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 26 қарашада қол қойды.

Бағдарлама бойынша 2029 жылға дейін ауылдарда 350 мың жаңа жұмыс орнын ашып, 1 миллион ауыл тұрғынын жұмыспен қамту жоспарланған. Сол мақсатта мемлекеттік бюджеттен бір триллион теңге көлемінде қомақты қаражат бөлінді.

Мамандар бұл бағдарламаны ауылды дамытудың жаңа драйвері деп атап жүр. Ресми статистика бойынша ауылдарда 7,7 миллион адам тұрады. Бұл – халықтың жалпы санының 41 пайызы. Қазір ауыл және қала тұрғындары табысының айырмашылығы 38 пайыз болып отыр. Бұл өте үлкен парық. Сол үшін ауыл жұртының табысын қала халқымен теңестіру мақсатында жұмыстар атқарудың маңызды зор.

«Ауыл аманаты» жобасы ауылдарды дамытуға серпін беруге тиіс. Өйткені жобаға қатысу үшін қойылатын талаптар жеңіл, бюрократиялық кедергілер көп емес. Оның үстіне берілген несиенің жылдық сыйақы мөлшері 2,5 пайыздан аспайды. Шағын несие мерзімі 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі. Бұл бағдарлама аясында ауылдық елді мекендер мен шағын қала тұрғындары ең көп болғанда 2,5 мың АЕК (8,6 миллион теңге) ала алады. Ал шағын және орта шаруа (фермерлік) қожалықтары немесе ауыл шаруашылығы кооперативтері 8 мың АЕК-ке (27,6 миллион теңге) дейін несие рәсімдей алады.

ҚР парламенті мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов 2,5 пайыздық мөлшерлемен қазірге дейін 80 миллиард теңге көлемінде 12,7 мың шағын несие берілгенін айтты. «Ауыл аманаты» – президенттің сайлауалды бағдарламасына енгізілген бірегей жоба. Онда ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартудың нақты әрі түсінікті тетіктері қарастырылған. Ең

бастысы, қаражаты толық шешілген. Бір жылдың ішінде жобаның тиімділігін көріп отырмыз. Барлық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер, біз депутаттар «Ауыл аманаты» жобасын сапалы жүзеге асыруға тиіспіз» деді мәжіліс спикері.

Бірақ жақсы бағдарлама жасау бір бөлек, оны жақсы жүзеге асыру бір бөлек әңгіме. Ауыл жұрты бұл жобадан хабардар ма, олар бағдарлама арқылы жеңілдетілген несие алып, жұмыс бастап жатыр ма деген сұрақ туындайды. Бізге жеткен ақпарат бойынша мемлекеттік органдар бағдарламаны халыққа түсіндіру бағытында қолдан келгенше жұмыс істеп жатыр. Арнайы құрылған мобильді топ өңірлерді аралап, елді мекен тұрғындарына «Ауыл аманаты» жобасын кеңінен таныстырып жүр. Олар ең шалғай деген ауылдарды да ескерусіз қалдырған жоқ.

Түсіндіру жұмысы өз нәтижесін берген сияқты. Алыс ауылдардағы азаматтар да «Ауыл аманаты» жобасы аясында кәсіп ашып жатыр. Мысалы, Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округінің тұрғыны Сәрсенкүл Аралбаева осы бағдарлама аясында жеңілдетілген несие алып, шағын кәсібін дөңгелетіп отырғанын естідік. Кәсіпкер шұлық шығаратын шағын цех ашыпты. «Ақсуат» брендімен шығып жатқан шұлықтар Қызылорда халқының игілігіне жарап тұр. Біз кәсіпкерге хабарласып, өндірісі өркендеп келе жатқанын білдік.

Сәрсенкүл Аралбаева тәуекел етіп, қолға алған жұмысы жүйеге түсе бастағанын айтып отыр. Сәтін салса, алдағы уақытта өндіріс көлемін арттыруға ниетті.

«Ауыл аманаты» жобасы тиімділігін көрсетіп жатқанын айттық. Бірақ кішігірім кемшілігі де жоқ емес. Бұл туралы мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай айтты.



**«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ**

**Микрокредиттің ең жоғары сомасы - ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда – 2,5 мың АЕК-ке дейінгі соманы құрайды. Зәкірлік кооперацияны дамыту үшін 8,0 мың АЕК.**

**Номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5 пайыздан аспайды**

**Негізгі бөлім:** Қызылорда облысында «Ауыл аманаты» жобасы 5 бағыт бойынша 600 жоба іске асырылады.

Бұл жоба, ең алдымен, халық табысын арттыруға, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жан-жақты қолдауға, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске тартуға, азық-түлік қауіпсіздігін және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Жобаға қатысушыларға жылдық өсімі 2,5% болатын шағын несие беру көзделген. Осы мақсатта биыл Қызылорда облысына 3 млрд теңге қаржы бөлінді.

Бүгінде барлық ауылдық округтерде скрининг жұмысы жүріп жатыр. Нәтижесінде, жобаға қатысатын 25 қанатқақты ауылдық округ айқындалды. Бұл округтердегі халық саны – 47 676 адам. Оның ішінде, жұмыссыздар саны – 872 адам.

Осы күні өңірде 5 бағыт бойынша 600 жоба іске асырылады. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту (ауыл шаруашылығы кооперативтері негізгі (техника, мал) және айналым қаражатын сатып алуға) – 653,8 млн теңгеге 28 жоба; ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру, өңдеу және қайта өңдеу (ет, сүт өндірісі) – 655,5 млн теңгеге 18 жоба; өсімдік шаруашылығын дамыту (жылыжайлар, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын өндіру) – 308 млн теңгеге 55 жоба; мал шаруашылығын дамыту (мал басын ұлғайту, бордақылау және өнім алу үшін) 1 227,9 млн теңгеге 360 жоба және өзге бағыттағы 139 бизнес жобаларға – 154,8 млн теңге қарастырылып отыр.

Бұл жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде аталған ауылдық округтерде 636 жаңа жұмыс орны ашылады. 3580 бас мал сатып алып, сүт және ет өндірісін 3 пайызға арттыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жұмыссыздар санын 35%-ға дейін азайту және ауыл халқының орташа табысын 15-20%-ға арттыру көзделуде.

Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, өңірімізде 2023 жылдан бастап **«Ауыл Аманаты»** жобасын іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

2023 жылы Жалағаш ауданы бойынша **«Байқоңыр ӘКК» ҰҚ» АҚ** арқылы мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету, өсімдік бағытындағы **179,7 млн. теңгені** құрайтын **22 жоба** қаржыландырылып, **33 жаңа жұмыс** орны құрылды.



«Ауыл Аманаты» жобасы аясында несиеленген 22 кәсіпкердің 17 кәсіп иесі міндетті салықтық төлемдер төлесе, 4 кәсіпкер нольдік есептілік тапсырған, 1 кәсіпкерден мүлдем салықтық төлем түспеген (*Аққыр а/о. Амангелди Азамат СПК «Аскар Тобе»*).

2024 жылы «Байқоңыр ӘКК» ҰҚ» АҚ арқылы «Ауыл Аманаты» жобасы аясында қаржыландыруға аудан бойынша 318,3 млн. теңгені құрайтын 49 жобаның құжаттары әзірленді.

«Ауыл Аманаты» жобасының тиімділігін арттыру және несиеленушілердің құжат жинақтау мерзімін үнемдеу мақсатында «Ауыл Аманаты» цифрлық патформасы құрылды.

Бүгінгі күнге ауданда «Байқоңыр ӘКК» ҰҚ» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында қаржылық қолдауға ие болу үшін әр-түрлі бағыт бойынша құжаты толық 139,7 млн. теңгені құрайтын 27 жоба «Ауыл Аманаты» цифрлық патформасына енгізілді.

Оның ішінде 85,8 млн. теңгені құрайтын 15 жоба комиссия қарауында қаралып, 60,0 млн. теңгенің 11 жобасы мақұлданды. Жаңадан 11 жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда.

Бұдан бөлек аудан бойынша қосымша 115,1 млн. теңгені құрайтын 19 жобаның құжаттары жинақталуда.

2024 жылғы 13 ақпанда өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында 2024 жылғы қаңтар айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы қаралып, облыс әкімімен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының өсімін қалыптастыру туралы тапсырма берілген.



## ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛҒЫ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Елді мекен атауы	Аты-жөні	ЖК атауы	Жұмыс орны
Жалағаш кенті	Тажибаев Серик Еркинович	ЖК «Тәжібаев С»	1
	Сәруар Дәулет Сәбитұлы	ЖК «Ақсу Өлке»	2
	Примжанов Жазылбек Жарылқасинович	ЖК «Примжанов»	1
	Жаксыбаева Балтақұлы Ермекбаевна	ЖК «Жаксыбаева»	1
	Тәукеева Іңкәр Зейнуллақызы	СПК «Нұрбол-2023»	2
	Ермак Қанат Болатбекұлы	ЖК «Ермак Қанат Болатбекұлы»	2
	Жаксылыкова Венера Жаксылықовна	ЖК «Жаксылықова»	1
	Исмаилова Эльмира Жалғасбайқызы	ЖК «Аяла»	1
	Танибаев Мейрамбек Айнабекович	ЖК «Танибаев»	1
	Жомартов Кенжебек Шораұлы	ЖК «220 Volt»	1
Утегенова Венера Галымжановна	ЖК «Нұрдәулет»	1	
Таң ауылы	Құдабаев Рустем Қожамқұлұлы	СПК «Құдабай»	4
Жаңаталап а/о	Аптахалов Асқар Жұмағалиевич	ЖК "Асқар"	1
Мақпалкөл а/о	Жанабаева Гүльнара Берденовна	ЖК «Гүлнара»	1
Бұқарбай батыр а/о	Сайманов Серікбол Жолдыбайұлы	ЖК «Сайманов»	1
Еңбек а/о	Қабылбек Ақбота Әлімбекқызы	ЖК «Бота»	1
Жаңадария а/о	Толыбаев Мэлс Боранбаевич	ЖК «Толыбаев М»	1
	Дабылов Жарқынбек Ұзақбайұлы	ЖК «Жарқынбек»	1
Есет батыр а/о	Тасболатов Мақсұт Тасболатұлы	ЖК «Жомарт»	1
	Нурмаханов Исламбек Арынович	ЖК «Исламбек»	1
Аққыр а/о	Исагулов Серғазы Қалданович	ЖК «Серғазы»	1
Жоба саны: 22 жоба	Амангелді Азамат	СПК «Асқар Тобе»	1

Активация Windows

Чтобы активировать Windows, перейдите к параметрам

Жалағаш ауданы бойынша **2024 жылдың 1 қыркүйегіндегі** мәліметіне сәйкес **3011** шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда **285** кәсіпкерлік субъектісіне азайған. Оның ішінде, нақты жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны **95,5 пайыз** немесе **2878** бірлікті құрауда. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстарғанда 133 бірлікке төмендеген.

Сонымен қатар, соңғы 8 айда ШОК субъектілері санының жүйелі түрде төмендеуі байқалып отыр. Бұл, өз кезегінде, ауданда ШОК-те жұмыспен қамтылған адамдар санының қысқаруы мен өндірілген өнім көлемінің азаюына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Жоғарыдағылардың нәтижесінде аудан әкімінің кент және ауылдық округ әкімдеріне берген тиісті тапсырмасына сәйкес қыркүйек айында аудан бойынша **73 кәсіпкерлік субъектісі (66 жеке кәсіпкерлік, 7 заңды тұлға)** тіркелген.

**Халықаралық тәжірибе.** Мысалы Аустралия – қой еті экспортының үлесі бойынша – бірінші орында, ал сиыр етінің экспорты бойынша – екінші орында. Оның 100-ге жуық өнім жеткізу нарығы бар. Бұл ретте ауыл шаруашылығына мем-лекеттік қолдау көрсетілмейді. Отан-дық мамандар аустралиялық фермерлер мал шаруашылығы саласында осындай экономикалық табысқа қалай қол жет-кізгенін анықтады.

Бірінші кездесу «Оңтүстік Ауст-ра-лияның мал шаруашылығы» ірі салалық ұйымымен, MLA (Meat and Livestock Australia) тең құрылтайшысымен өт-ті, соңғысы Оңтүстік Аустралиядағы 3,5 мыңнан астам сиыр және қой етін өндіруші, сондай-ақ 6 мың қызыл ет пен жүн өндірушінің мүдделерін қорғайды. Ұйым ет және жүн өнеркәсібінің тұ-рақ--тылығы мен өнімділігін арттыру мақ-сатында жұмыс істейді, өндіру-шілердің мүдделерін

қорғайды, оларды оқытумен айналысады, арнайы қорды басқарады. Қауымдастық өкілдері ұлттық және өңір-лік деңгейдегі фермерлерді қолдау шара-лары мен міндеттелген алымдар, жұмыс істеу әдістері туралы айтып берді. Биоқауіпсіздік пен малды бақылау – бірінші орындағы мәселе.

Бізден барған мамандарды ауыл шаруа-шылығын жүргізудің озық әдістері-мен таныстыру халықаралық оқу орталығында, Аделаида университетінің Roseworthy кампусында жалғасын тапты. Университет құрғақ климатта ауыл шаруашылығын жүргізуге маманданған. Roseworthy кампусы – Оңтүстік Аустралиядағы жануарлар мен ветеринарияны зерттеудің негізгі орталығы. 1,6 мың га аумақты алып жатыр. Онда студенттерге бірден практикалық тәжірибе алауға мүмкіндік беретін арнайы ферма бар.

Отандық мамандарды мал өсіру және күтіп-бағу тәсілдері, жемшөп рационы және т.б. көптеген мәселе қызықтырды. Атап айтқанда, экспорты жақсы дамыған ел бола тұра, олар мал басын өсіруге асық-пайды, себебі климаттың нашарлауын ес-кере отырып, жерді құнарынан айыр-ғысы келмейді.

**Қорытынды:** Бүгінде жалағаштықтар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді жан-жақты қолдау, ел тұрғындарын аграрлық бизнеске тарту, азық-түлік қауіпсіздігі және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу мақсатында жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасына ерекше ынта білдіріп отыр. Бұл сөзімізге аталған бағдарламамен кәсіп бастап, өз ісін өрістетіп отырған тұрғындар дәлел. Десе де бұл нәтижеге тоқмейілсімей, өңірде кәсіпкерлікті одан әрі жандандыру керек.

Жалпы «Ауыл аманаты» жобасының негізгі мақсаты ауыл тұрғындарының кәсібін дамытуға, олардың өрістеп, қанатын кеңге жаюына ықпал ету болып табылады. Үкіметтің 2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру бағдарламасын орындау мақсатында ауылдардағы жұмыссыздықты жою, ауыл халқының жеке кәсібін жүргізу арқылы табыс табуға үйретуге бағытталған.

«Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру үшін былтыр Сыр өңіріне 3 млрд теңге бөлініп, бағдарламада қарастырылған негізгі 5 бағыт бойынша 406 жоба қаржыландырылған, яғни 33 кооператив, 373 жеке кәсіпкерге 2,5 пайызбен несие берілген. Биыл облысқа 4 млрд 600 млн теңге бөлініп, 575 жобаны қаржыландыру, 610 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Қазіргі таңда комиссия жұмысы басталып, негізгі оператор ретінде «Байқоңыр» ӘКК АҚ-ның облыстық филиалы анықталған.

Бүгінде кент пен 8 ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өндіріс, асыл тұқымды мал шаруашылығы, қызмет көрсету, өсімдік

шаруашылығы бағытында 179,7 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылған.

Айта кетейік, ауданда былтыр мемлекеттік бағдарламалар арқылы және жеке қаражаттар есебінен жалпы құны 1 млрд 701 млн теңгені құрайтын 16 жоба іске қосылған. Нәтижесінде 86 адам жұмыспен қамтылды. Мәселен, жеке кәсіпкер А.Ермекбаевтың антифриз өндіру цехында 2 адам жұмысқа орналасқан. Б.Айбекованың 120 орындық «Жеті қазына» балабақшасында 18 адам жұмыс істейді. И.Күзековтың 50 орындық «Арун KIDS» бала-бақшасында 9 адам жұмыспен қамтылған. «Сыздық» ШҚ-ның тәулігіне 60 тонна күріш ақтау және жем өндіру зауытында 8 жаңа жұмыс орны ашылды. Б.Қошқарбаевтың көлік жуу орталығында 3 адам жұмыспен қамтылған. Б.Алдабергеновтің көлік жуу орталығы да 3 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Жұмыссыздық мәселесін бір ғана саламен түбегейлі шешу мүмкін емес. Бірақ аудан тұрғындарының осындай жобаларды ұтымды пайдалану арқылы екі қолға бір күрек тауып, табысын еселеуге болатынына көзі жеткендей.

#### **Ұсыныстар:**

1. Кәсіпкер несие алғаннан кейін бастапқы 3 жылды банк демалыс ретінде қарастырғаны тиімді.
2. Бағдарлама арқылы қаржыландыру жобаларын кеңейткен дұрыс.
3. Қаржыландыру кезінде азаматтардың несие тарихына қарамай, кәсіпкердің ынта-жігеріне мән берген абдал.
4. Ауылды дамыту тетіктерін қарастырып, қаржыландыру бағытын жетілдірген тиімді.
5. Бағдарламаға қатысушыларды кәсіби мамандар кемі 3 ай оқытқан жөн.
6. Ауылда кәсіпке икемді азаматтар көп, алайда кепілге қоятын мүлкі жоқ. Осы мәселені назарға алған дұрыс.

#### **Пайдаланылған дереккөздер:**

1. <https://zhalagash-zharshysy.kz/aqparat/awyl-amanaty-tyng-zhoba-tiimdi-usynys/>
2. <https://egemen.kz/article/354425-mal-sharuashylyghyndaghy-australiya-tadgiribesi>